

Алматы қалалық Әкімшілігінің 2002 жылғы 29 қаңтардағы N 1/80 "Халыққа мемлекеттік нақты әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені бекіту туралы" қаулысының N№2 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 19 шілдедегі N 3/470 қаулысы.
Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 1 тамызда N 462 тіркелді

Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы
N 5 / 8 7 0 қ а у л ы с ы м е н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және 2001 жылғы 17 шілдедегі " Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңдарына сәйкес Алматы қалалық әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2002 жылғы 29 қаңтардағы "Халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені бекіту туралы" қаулымен бекітілген халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялардың құрамына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Алмалы аудандық учаскелік комиссиясының құрамына енгізілсін:

Анатолий Степанович Дон - аудандық коммуналдық - шаруашылық бөлімінің меңгерушісі,

Баян Әлімжанқызы Керімқұлова - Алмалы аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығы тұрмыс деңгейін талдау бөлімінің бас маманы;

осы құрамнан шығарылсын:

Н.Т. Қаболдинов, А.М.Рахметуллин.

2) Әуезов аудандық учаскелік комиссиясының құрамына енгізілсін:

Зәуре Қайыпбекқызы Қазыбекова - Әуезов аудандық жұмыспен қамту орталығының бастығы;

осы құрамнан шығарылсын:

М.Ю. Новоселов.

3) Жетісу аудандық учаскелік комиссиясының құрамына енгізілсін:

Зиядин Құрбанұлы Мыңбаев - учаскелік комиссия төрағасының орынбасары, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығының бастығы,

Жұмәділ Төлегенұлы Маханов - әкімнің жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі үйлестіруші - кеңесшісі,

Сәния Әлденқызы Өмірәлиева - соғыс ардагері және зейнеткерлер кеңесінің төрағасы.

осы құрамнан шығарылсын:

А.В. Савченко, Е.Н.Раисов.

4) Медеу аудандық учаскелік комиссиясының құрамына енгізілсін:

Нәзипа Камалқызы Оспанова - учаскелік комиссия төрағасының орынбасары, аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау орталығының бастығы,

Жанат Хамитұлы Ыбыраев - аудандық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, осы құрамнан шығарылсын:

Б.К.Жаманқұлова, Н.К. Ағыбаев.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы